

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

2021 жылғы 9 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Сенат тағайындаған Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мүшесінің өкілеттігін тоқтату және лауазымнан босату туралы.

Есеп комитетінің төрайымы Наталья Николаевна Годунова комитет мүшесі Талғат Амангелдіұлы Жақанның басқа жұмысқа ауысуына байланысты өз өтініші бойынша өкілеттігін тоқтату туралы ұсыныс енгізді.

Сенат Бюросының шешіміне сәйкес Қаржы және бюджет комитеті бұл мәселені алдын ала талқылап, қорытынды әзірледі.

Слово по этому вопросу предоставляется председателю Комитета по финансам и бюджету Перепечиной Ольге Валентиновне.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Комитетом по финансам и бюджету рассмотрено предложение Председателя Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета о прекращении полномочий и освобождении от должности назначенного Сенатом члена Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета Жакана Талгата Амангельдыұлы, внесенное в Сенат Парламента в соответствии с подпунктом 19) пункта 19 и пунктом 27 Положения о Счетном комитете по контролю за исполнением республиканского бюджета.

Талгат Амангельдыұлы назначен членом Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета постановлением Сената Парламента Республики Казахстан от 16 сентября 2016 года.

За время работы в Счетном комитете зарекомендовал себя как ответственный и квалифицированный руководитель. Под его руководством проведен аудит эффективности национальных холдингов и компаний, Национального фонда.

31 августа текущего года Талгат Амангельдыұлы подал на имя Председателя Сената Ашимбаева Маулена Сагатхановича заявление об освобождении от занимаемой должности в связи с переходом на другую работу.

На основании вышеизложенного Комитет по финансам и бюджету, руководствуясь пунктом 81-1 Регламента Сената, рекомендует прекратить полномочия и освободить от должности члена Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета Жакана Талгата Амангельдыұлы.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Мәселені талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, осы мәселе бойынша қаулы қабылдайық.

Талғат Амангелдіұлы Жақанның Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мүшесі өкілеттігін тоқтату және лауазымнан босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Талғат Амангелдіұлы, Есеп комитетінің мүшесі ретінде атқарған нәтижелі жұмыстарыңызға алғыс білдіреміз. Жаңа қызметіңізге сәттілік пен табыс тілейміз. Рақмет сізге. Сау болыңыз.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Рахымов Қайрат Болатұлына беріледі.

РАХЫМОВ Қ.Б. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Армения 2014 жылғы 10 қазанда қол қойылған Армения Республикасының қосылуы туралы шарт шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылды, оны барлық мүше мемлекеттер ратификациялады және 2015 жылғы 2 қаңтарда Армения Одақтың толық құқылы мүшесі болды.

Одаққа мүше мемлекеттердің аумағы бойынша Армения тарапынан электр энергиясын мемлекетаралық беру өзара қарым-қатынастарын реттеу шеңберінде хаттама әзірленді, оның мақсаты Армения Республикасының шартқа қосылуына байланысты Одақ елдері арасында электр энергиясын мемлекетаралық беруді жүзеге асыру әдіснамасын айқындау болып табылады.

Хаттама жобасы 2017 жылғы 3 наурызда Еуразиялық экономикалық одақ кеңесінің өкімімен мақұлданды.

Хаттаманы ратификациялау баға белгілеу мен тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы хаттамаға Арменияның қосылуын ескере отырып, Одаққа мүше мемлекеттердің энергия жүйелерінің тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін болады.

Құрметті Сенат депутаттары! Бүгінгі күні хаттаманы Армения, Беларусь, Қырғызстан және Ресей елдері ратификациялады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және өзге де салдарға әкеп соқтырмайды, мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді.

Баяндама аяқталды. Қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, менің сұрағым Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне.

Уважаемый Кайрат Болатович! В соответствии с Договором о Евразийском экономическом союзе государства-члены осуществляют поэтапное формирование к 2025 году общего электроэнергетического рынка Союза на основе параллельно работающих электроэнергетических систем.

2 сентября текущего года на заседании Сената моим коллегой был задан ряд вопросов касательно общего энергетического рынка. Но, к сожалению, четкого ответа мы тогда не получили. Поэтому хотелось бы услышать ответы на следующие вопросы.

Как отразится создание общего рынка Союза на энергетической безопасности Казахстана?

Получит ли экономика Казахстана экономический эффект? Рақмет.

РАХЫМОВ Қ.Б. Спасибо за вопросы.

По первому вопросу. На самом деле сейчас идет процесс формирования общего электроэнергетического рынка. Все страны-участники задействованы в непосредственном создании правил функционирования будущего рынка. Одной из самых главных и приоритетных задач в данной работе является сохранение национальной энергетической безопасности.

При создании общего электроэнергетического рынка, а в последующем участие как энергетических предприятий, так и потребителей в данном рынке может быть обеспечено только при условии сохранения электроэнергетической безопасности.

По второму вопросу. Одной из ключевых задач при формировании общего электроэнергетического рынка является получение положительных эффектов для экономики в целом. В качестве прямых эффектов мы видим увеличение экспортных поставок электроэнергии, в качестве косвенных эффектов могут быть рассмотрены вопросы снижения себестоимости продукции по энергоемким отраслям экономики. Рақмет.

ТӨРАҒА. Кайрат Болатович, в целом правильно, что все эти соглашения должны как минимум не противоречить нашим интересам, обеспечивать энергетическую безопасность, в частности Казахстана.

В этой связи возникает вопрос: у вас есть конкретные, четкие критерии энергетической безопасности Казахстана? Где они прописаны, где они определены? Как вы рассчитываете эту энергетическую безопасность Казахстана?

РАХЫМОВ Қ.Б. Спасибо большое за вопросы.

Все основные критерии отражены в Законе «Об электроэнергетике». В первую очередь там прописаны те механизмы, которые обеспечивают электроэнергетическую безопасность. Мы ежегодно составляем прогнозный семилетний баланс, в котором указываются полное покрытие экономики и потребности потребителей в электрической энергии и электроэнергетических мощностях. То есть ежегодно проводится анализ, и на системной, постоянной основе со стороны системного оператора «КЕГООК», в том числе по связям с системными операторами как наших северных, так и южных соседей, осуществляются данные вопросы, строится вся стратегия развития электроэнергетического рынка.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нухұлы Алтынбекке беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Қайрат Болатұлы! Армения Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы бекітетін жоғары вольтті электр желілері мен электр энергиясын беру, оның ішінде мемлекеттер арасында мемлекетаралық беруге көрсетілетін қызметтерге тарифті есептейтін формуланы анықтап белгілеу бойынша толықтыру хаттама шеңберінде енгізіледі.

Арменияның, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің электр энергиясының шығындануы осы елдердің электр желілері кешенінің энергетикалық және экономикалық тиімділігінің көрсеткіші болып табылатындығы бәрімізге белгілі.

Осыған байланысты сізге екі сұрақ:

1. Өнеркәсібі дамыған елдердің электр желілеріндегі шығындармен салыстырғанда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің электр желілеріндегі салыстырмалы шығындардың пайызы қандай?

2. Энергетикалық желілердегі электр энергиясының шығынын нормалау және азайту үшін мемлекетаралық стандарттарды үндестіру мәселесін уәкілетті орган қарастыра ма? Рақмет.

РАХЫМОВ Қ.Б. Сұрақтарыңызға рақмет.

Бірінші сұрақ бойынша айтсақ, әрине Еуразиялық экономикалық одақтағы мүше мемлекеттердің электр жүйелеріндегі шығындардың орташа деңгейі қазіргі таңда шамамен 12 пайызды құрайды. Сонымен қатар шығын деңгейі, мысалы, Канадада 10 пайыз, Германияда шамамен 5 пайыз, Ұлыбритания мен Францияда шамамен 8 пайызды құрайды.

Бүгінгі таңда ортақ электр энергетикалық нарықты қалыптастыру шеңберінде нормаларды және шығындарды төмендету стандарттарын әзірлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Екінші сұрақ қойылды (мемлекетаралық стандарттар).

РАХЫМОВ Қ.Б. Бұл стандарттар қазір әзірленіп жатыр.

ТӨРАҒА. Әзірленіп жатыр деп айтты ғой.

Жақсы, басқа сұрақтар жоқ. Рақмет.

Қайрат Болатұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Как отметил докладчик, главная цель законопроекта – ратификация протокола, которым устанавливается

определение методологии осуществления межгосударственной передачи электрической энергии между государствами-членами в связи с присоединением к Договору о ЕАЭС Республики Армения.

Законопроект позволит повысить эффективность использования генерирующих и передающих мощностей, рост объемов взаимной и внешней торговли электроэнергией, расширить экспортный потенциал электроэнергии государств – членов ЕАЭС.

Законопроектом определяется системный оператор Республики Армения – организация, уполномоченная на организацию межгосударственной передачи электрической энергии. Расчетная модель планирования для Республики Армения состоит из эквивалентов электроэнергетической системы Армении и, что очень важно, энергосистем третьих государств, через которые осуществляется передача электрической энергии (мощности) между ЕЭС России и ЭЭС Армении.

Законопроект создает правовую основу для участия Армении в общем рынке электроэнергии ЕАЭС.

Отметим, что в электроэнергетический сектор Армении входят несколько компаний, занимающихся производством и распределением электроэнергии. Генерация осуществляется как государственными, так и частными компаниями. Распределение контролируется электрическими сетями Армении, высоковольтными электрическими сетями и оператором энергосистемы.

Следует отметить, что в Армении более 36 тысяч километров распределительных линий. В Армении нет запасов ископаемого топлива, поэтому она зависит от импорта газа из России и Ирана, а также импорта ядерного топлива из России, что в совокупности приводит примерно к 66 процентам производства электроэнергии. Армения является нетто-производителем электроэнергии и экспортирует более 1,3 миллиарда киловатт-часов в год с 2014 года.

Из 3213,2 мегаватт установленной мощности в Армении наибольшая часть производства электроэнергии приходится на Мецморскую АЭС – 38 процентов, 33 процента – на ГЭС, 22 процента – на тепловые электростанции, а остальные 7 процентов – на другие возобновляемые источники.

Правительство считает, что принятие законопроекта не повлечет отрицательных социально-экономических и иных последствий, не потребует дополнительных расходов из государственного бюджета. Вместе с тем полагаем, что необходимо в дальнейшей работе учесть системные замечания, высказанные нами при рассмотрении законопроекта о присоединении к Договору о ЕАЭС Республики Кыргызстан на прошлом пленарном заседании Сената Парламента.

Уважаемые коллеги, предлагаю данный законопроект поддержать.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Еділ Құламқадырұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! 2015 жылғы қаңтар айында Армения Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың толық мүшесі болып қосылды, яғни тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қалыптастыру мүмкіндігіне ие болып отыр.

Қаралып отырған хаттаманың негізгі мақсаты Армения Республикасының электр энергиясын мемлекетаралық беруге қатысуы және одаққа мүше мемлекеттер арасында электр энергиясын беруді жүзеге асыру әдістемесіне бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізу болып отыр.

Орталық электр энергетикалық нарық құру одаққа мүше мемлекеттерді дамытудың, осы елдердің электр энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды және перспективалы бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты Армения Республикасының ортақ электр энергетикасы нарығына қатысуы үшін құқықтық негізді қабылдаудың оң нәтиже берері сөзсіз.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда аталған заң жобасын толық қолдаймын, сондай-ақ барлығыңызды оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қазіргі таңда экономиканың әлеуетін арттыруда электр энергиясының алар орны ерекше. Осы тұрғыдан келгенде бұл заң ұйымға мүше елдердің энергетика саласындағы ынтымақтастығын дамытуға оң әсерін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые коллеги! Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину Аскару Узакпаевичу.

«Согласно статье 27 Конституции Республики Казахстан забота о детях и их воспитание являются естественным правом и обязанностью родителей. Государство и семья – это две стороны воспитания молодого поколения, каждая из них важна с точки зрения формирования полноценной личности.

Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил: «Защита прав детей, здоровье, образование и развитие подрастающего поколения – наши безусловные приоритеты. Мы должны обеспечить счастливую жизнь всем детям в Казахстане. Мы обязаны прислушаться к голосу каждого ребенка!».

По статистике, в нашей стране количество детей от 0 до 17 лет составляет более 6 миллионов, из которых 3,5 миллиона школьников, и отрадно отметить, что количество детей с каждым годом увеличивается.

В настоящее время вопросы занятости детей, как никогда, актуальны. Особенную значимость оздоровление приобрело по итогам прошлого года, когда дистанционное обучение в первую очередь сказалось на здоровье наших детей. С наступлением летних каникул родители слишком заняты на работе, и многие дети предоставлены сами себе, у родителей прибавляются заботы: чем занять днем ребенка, как за летнее время оздоровить ребенка, а также занять его досуг.

Одним из основных учреждений, предоставляющих как образовательные, так и оздоровительные услуги детям, является Республиканский учебно-оздоровительный центр «Балдаурен», который был создан по аналогу «Артека». С 2002 года в центре обучались и поправили свое здоровье более 100 тысяч школьников в возрасте 10-15 лет.

Центр имеет три филиала, расположенные в городах Капчагае, Балхаше и Туркестанской области. Соответственно, увеличивается количество отдыхающих детей до 15,5 тысячи в год. Вместе с тем, учитывая общее количество детей школьного возраста, охват центра составляет всего 0,5 процента, что, естественно, является недостаточным.

В последние годы у нас в стране вопросы инклюзии, как никогда, актуальны, создаются инклюзивные школы, детские сады, но таких учреждений, которые занимаются и образованием, и оздоровлением, и социализацией, приобщением к новым реалиям современности, подобных центру «Балдаурен», нет.

В каникулярный период Парламента мы побывали в филиале центра, расположенного в городе Балхаше Карагандинской области. Данный филиал с 2019 года работает в инклюзивном направлении и принимает в одну смену 155 детей, из которых 55 – дети с особыми образовательными потребностями. На одного ребенка с особыми образовательными потребностями должно быть два обычных ребенка, в этом и заключается инклюзия, чтобы социализировать особых детей, помочь им найти себя в среде здоровых детей.

Основная задача филиала центра – это целенаправленная социализация детей с особыми образовательными потребностями в рамках инклюзивной среды на основе принципов гуманистического воспитания. В ходе тематических смен реализуется форма инклюзивного обучения, воспитания и развития здоровых детей с детьми с особыми образовательными потребностями. В центре организованы лечебно-

оздоровительные и реабилитационные мероприятия с учетом индивидуальных особенностей здоровья детей.

Вместе с тем в ходе посещения филиала центра были озвучены существующие на сегодняшний день проблемы. В частности, объект был построен в 1972 году, и с того периода не производился капитальный ремонт. Центр не готов к новому отопительному сезону. Территория центра требует благоустройства, центру необходимо строительство новой школы, предназначенной для учебно-воспитательного процесса, отсутствует безбарьерная среда для детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата, нет специализированных классов дефектологов, логопеда, сенсорной комнаты и кабинета ЛФК, отсутствует спорткомплекс для качественного проведения спортивных мероприятий, в медицинский комплекс требуются кабинеты узких специалистов (ЛОР, окулиста, невропатолога), актовый зал старого образца, не соответствующий сегодняшним критериям. Также большая проблема с логистикой центра.

После реструктуризации центра есть необходимость увеличения охвата со 155 до 300 детей в смену, соответственно, появится возможность принять большее количество детей с ограниченными возможностями здоровья, с 55 детей сейчас до 150 детей после.

Также расширится контингент принимаемых детей, сейчас центр принимает детей только с легкой степенью заболевания. С созданием безбарьерной среды (лифты и другие необходимые для нормального, комфортного проживания детей с особыми образовательными потребностями, специализированные приспособления) в центре могут оздоровиться дети-инвалиды со сложными заболеваниями, такими, как детский церебральный паралич, расстройство аутистического спектра, дети-инвалиды по зрению, слуху и другие.

Учитывая вышеизложенное, предлагаем Правительству инициировать разработку отдельной республиканской программы развития и поддержки лечебно-оздоровительных лагерей, охватывающих всех детей Казахстана, направленных на нравственно-патриотическое и духовное воспитание, прививающих любовь к родной земле и экологической грамотности, умственно-интеллектуальному и физическому развитию наших детей.

Уважаемый Аскар Узакпаевич, уверены, что поставленные выше вопросы будут однозначно решены в ближайшее сроки, ведь речь идет о будущем поколении нашей страны, ведь именно им мы передадим эстафету по развитию нашей родины, именно они будут представлять наше будущее!

С уважением, члены Комитета по социально-культурному развитию и науке». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Мамин мырзаға.

«Мамандардың айтуынша, климаттың жаһандық жылыну себебінен Қазақстан аумағында ауа температурасы соңғы жүз жылда 2 градусқа көтерілді. Ал соңғы қырық жылда ол әр он жыл сайын орта есеппен 0,34 градусқа ұлғайды, яғни болашақта құрғақ жылдар мен құрғақшылықтың қайталану мүмкіндігі көбейетін болады.

Биылғы құрғақшылық біздің ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақсыздығын және қаншалықты ауа-райына тәуелді екенін көрсетті. Дәл осындай табиғи апаттар орын алатын дамыған аграрлық елдердің ешқайсысында біздегідей өнімділіктің төмендеп кетуі кездеспейді. Сондықтан біз әр өңірдің ауа-райы жағдайына бейімделген ауыл шаруашылығын жүргізудің жаңа жүйесіне, яғни тәуекелдерді басқару режиміне ауысуымыз керек.

Біріншіден, еліміздің гидрометқызметін жаңғырту қажет. Ауа-райының нақты болжамының болмауына байланысты фермерлеріміз егін егудің оңтайлы мерзімін анықтай алмай отыр. Біздің есебіміз бойынша биыл Қазақстанның солтүстік облыстарында дәнді дақылдарды ерте себудің салдарынан өнімнің үштен бір бөлігінен айырылды. Бұл тек бір ғана мысал.

Екіншіден, депутаттар отандық сорттардың селекциясын дамыту мәселесін бірнеше рет көтерді. Құрғақшылыққа төзімді сорттарды тек биотехнологиялық заманауи әдістер негізінде ғана жасауға болады. Алайда мұндай зерттеулерді қажетті көлемде қаржыландыру мәселелері әлі де шешілген жоқ.

Үшіншіден, аграрлық саланың дамыту бағдарламаларында облыстардың ауыл шаруашылығының мамандануына баса назар аударылған болатын. Қазір әркім қауқары неге жетеді, сонымен айналасып кетті. Мал шаруашылығын мал азығы базасы шектеулі жерлерде дамытамыз, өте құрғақ аймақта интенсивті дақылдарды себетін болдық. Ал АҚШ-та, Канадада фермерлердің белгіленген мамандандыру бағыттарын сақтауы мемлекет тарапынан нақты реттеліп отырады.

Төртіншіден, тәуекелді егіншілік аймағындағы өнімнің тұрақтылығы топырақ құнарлылығын арттыру арқылы қамтамасыз етіледі. Тыңайтқыштарды кеңінен қолдану фермерлер үшін қымбат болатыны түсінікті, бірақ оларды ең болмаса ең қажетті жағдайда, яғни дәл егіншілік технологиясын енгізу арқылы қолдануымыз керек. Ол үшін алдымен топырақтың дәл агрохимиялық картограммасын жасау қажет. Бірақ елдегі мемлекеттік агрохимқызмет бұл жұмысты тиісті деңгейде қамтамасыз ете алмай отыр. Есеп комитетіне Агрохимиялық қызмет көрсету республикалық ғылыми-әдістемелік орталығына жұмсалатын бюджет қаражатының тиімділігін мұқият тексеруді сұраймыз. Оған жыл сайын 400 миллион теңгеге жуық қаражат мемлекеттен бөлінеді. Жалпы, елімізде топырақ құнарлылығын мониторингтеу жөніндегі қызметтер нарығын дамыту қажеттілігі туындап тұр.

Бесіншіден, ауыл шаруашылығындағы сақтандыру жүйесін түбегейлі жетілдіру керек. 2020 жылы тек 115 мың гектар егіс сақтандырылған, ал биыл 144 мың гектар ғана. Бұл егіс алқаптарының бір пайызына да жетпейді. Салыстыра қарасақ, Канадада мемлекеттік сақтандыру шараларының арқасында құрғақшылық жылдарында фермерлерге шығындарының 75-80 пайызы өтеледі.

Алтыншыдан, тәуекелді егіншілік жүйесі жағдайында бізге суармалы жер көлемін ұлғайту қажет. Бірақ алдымен қолданыстағы суару желісін ретке келтіріп алайық! Мамандардың мәліметінше, еліміздің суару жүйесінде судың 40 пайыздан астамы пайдаланылмай ысырап болып жатыр. 2020 жылы 1,5 миллион гектар жерді суару үшін су тарту 13,4 текше километрді құрады. Егер су шаруашылығында үнемдеу тәртібін орнатпасақ, 3 миллион гектар үшін тағы 13,4 текше километр суды қайдан аламыз?

Өздеріңіз білесіздер, су ресурстарын үнемдеу туралы Мемлекет басшысы жуырдағы Жолдауында нақты тапсырма берді.

Бүгінде еліміздегі жайылымдардың 48 пайызы суаттың болмауына байланысты пайдаланылмайды. Жайылымдарды суландыру үшін құдықтарды салу бойынша жоспардың орындалмау себептерінің бірі жер асты су ресурстары қорларының жеткілікті зерттелмеуі және жайылымдық мал шаруашылығының өндірістік инфрақұрылымының жоқтығы болып табылады.

Жетіншіден, ауылшаруашылық өндірісін су және ылғал үнемдеу технологиясына ауыстыру үшін фермерлерді оқыту өте маңызды. Сондықтан бізге барлық жерде аграрлық білімді тарату орталықтарын ұйымдастыру қажет. Қазақстанда мұндай орталықтар бар болғаны 25, ал АҚШ пен Канадада 2-3 мыңнан асады.

Тұрақты аграрлық өндірісті құруда және елді азық-түлікпен орнықты қамтамасыз етуде жоғарыда айтылған ұсыныстардың маңыздылығын ескере отырып, оларды Агроөнеркәсіп кешенінің ұлттық жобасын іске асыру жоспарын әзірлеу кезінде ескерулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен, Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің мүшелері және сенаторлар Сүлеймен, Сұлтанов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, біздің регламентке сәйкес депутаттық сауалдарға 5 минут уақыт беріледі. Біздің регламент, ол біздің заңымыз, біз сол регламентпен жұмыс істейміз, барлық жұмысымызды ұйымдастырып отырмыз. Соған байланысты депутаттық сауалдарды Үкіметке жолдап жатқан әріптестерімізден сауалдарды сол 5 минуттың ішінде жариялауды сұраймыз.

Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Роману Васильевичу.

«Құрметті Роман Васильевич! 1 сентября текущего года Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в своем Послании народу Казахстана «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны» отметил, что большое внимание следует уделить экологическим проблемам в стране, особенно качеству воздуха.

Проанализировав состояние государственного экологического контроля в деятельности Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан и его подразделений, отмечаются факты системных нарушений и недостатков, недостаточность мониторинга за экологической ситуацией, непринятие мер по установлению источников загрязнений, устранению нарушений, возмещению ущерба.

Только за последние два года на территории страны зафиксировано 1296 случаев высокого загрязнения атмосферного воздуха и 934 водоемов. При этом не выявляются источники загрязнения, а также не используются материалы наблюдений за состоянием окружающей среды, на которые ежегодно тратится порядка 1,5 миллиарда тенге.

В средствах массовой информации все чаще освещаются факты игнорирования интересов населения при создании и расширении вредных производств. Ярким примером служит ситуация вокруг деятельности свиноводческого комплекса ТОО «Парижская коммуна XXI» в Актюбинской области. Только после выражения массового недовольства жителями села Бештамак незаконным захоронением отходов проведена проверка комплекса и выявлены массовые нарушения. Ущерб государству составил порядка 7 миллиардов тенге.

Вместе с тем в случаях выявления фактов загрязнения окружающей среды уполномоченные органы выносят необоснованные предписания, вовлекая бизнес в длительные судебные тяжбы, либо бездействуют.

Кроме того, проблемы многочисленных незаконных карьеров по стране и в частности в столице также остаются вне поля зрения экологов.

Экология Казахстана переживает не лучшие времена. Если ситуация не изменится, то страну могут постичь плачевные последствия для флоры и фауны.

На основании изложенного прошу сообщить о принимаемых мерах по: организации контроля за оборотом опасных отходов и их полного обезвреживания;

решению проблем по рекультивации незаконных карьеров, в том числе в столице;

решению экологических проблем атмосферного воздуха и других вопросов, поставленных по существу запроса.

Прошу дать ответ в установленный законом срок».

Полный текст депутатского запроса прилагается.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің сауалымымыз Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мырзағалиевқа жолданады.

«Жуырда өңірге іссапармен барған кезімізде жұртшылық тарапынан бірқатар өзекті мәселелер көтерілген болатын. Солардың бірі Маңғыстау облысының орталығы Ақтау қаласынан 3 километр жерде орналасқан, аумағы 66 шаршы километр құрайтын, белсенділігі 11 мың кюри болатын 51 миллион тонна әлсіз радиоактивті қалдықтар құрайтын «Қошқар Ата» қалдықтар қоймасы бүгінгі таңда өңірдің басты экологиялық мәселесіне айналып, өңір жұртшылығының қатты аландауына себепші болып отыр.

Бұл қалдық қоймасы өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап минералды-шикізат, соның ішінде уран рудасын өндіріп өңдеу жұмыстарына байланысты салынып, жұмыс жасаған химия-гидрометаллургия зауыты, азот-тыңайқыштары зауыты, күкірт-қышқыл зауыттары өнімдерінің қалдықтарын төгу нәтижесінде пайда болған еді. Аталған қоймада құрамына аммоний, фтор, стронций, уран, радий, торий, цинк, қорғасын, нитраттар, нитриттар, тағы басқа улы заттар кіретін қалдықтар жатыр.

Маңғыстау облысының Мұнайлы аудандық сотының 2015 жылғы 13 ақпандағы шешімімен 2016 жылы аталған қойма республикалық меншікке алынған болатын.

Қалдық қойманың радиоактивті және уытты шаңдану дәрежесін бақылау мақсатында әртүрлі ғылыми орталықтар жағынан бірқатар ғылыми зерттеу және мониторинг жұмыстары жүргізілді, соның ішінде 2006 – 2007 жылдары «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы», 2006 жылы «Экосервис» ЖШС, 2007 – 2011 жылдары «Волковгеология» АҚ жұмыстар жүргізген.

Атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша 2015 жылы қалдық қоймасы жерінің құнарлылығын қалпына келтіру мақсатында техникалық-экономикалық негіздеме жасалып, 2017 жылы құны 17,5 миллиард теңге тұратын жобалық-сметалық құжаттар жасақталып, сараптаманың оң қорытындысын алды.

Жобаны іске асыру мақсатында мердігер компания анықталып, 2021 – 2023 жылдарға қаржы қарастырылып, келісімшарт бойынша биыл жұмыстар басталып кеткен болатын. Алайда түсініксіз себептермен биылға қарастырылған 1 миллиард теңгенің министрлік тарапынан бөлінбеу себебінен маусым айында жұмыстар толықтай тоқтап қалды.

Бар мәліметтер бойынша сіз басқарып отырған Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі кезінде мемлекеттік сараптамадан өтіп, бекітілген жобалық-сметалық құжаттарды қайта қарауды және қалдық қойманы қосымша зерттеп, зерделеу үшін Қазақстан Республикасының Ядролық физика институтына, «Радиациялық қауіпсіздік және экология институтына» тапсырыс берген, ал қарастырылған қаржыны бөлуді кейінге қалдыру туралы шешім қабылдаған.

Бұндай шешім өз кезегінде жобаның орындалу мерзімін тағы да ұзақ жылдарға кейінге қалдыру тәуекелін тудыратыны сөзсіз. Ол кезде жобаның құны қанша есе өсіп кететіні айтпаса да түсінікті.

Жоғарыда айтылғанның негізінде сізден жобаның орындалуын қандай негіздерге сүйеніп тоқтатып қойғаныңызды, мемлекеттік сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжатты қай негізге сүйеніп қайта қарау туралы шешім қабылдағаныңыз туралы жауапты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама аясында жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Алдашев, Шелпеков».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет.

Құрметті әріптестер! Өздеріңізге белгілі, ағымдағы жылдың 26 тамызында Жамбыл облысының Байзақ ауданында оқ-дәрі сақталатын әскери қоймадан өрт шығып, бірнеше жарылыс орын алды. Оқиға орнына жедел шығып, тілсіз жаумен күрескен төтенше жағдай қызметкерлерінің қатарынан адам шығыны да болды.

Осыған байланысты, Мәулен Сағатханұлы, сіздің тапсырмаңызға сәйкес ағымдағы жылдың 29 тамызында Сенат депутаты Әбдәлі Тоқбергенұлымен бірлесіп аталған қайғылы оқиға орнына шықтық. Сапар барысында жауапты уәкілетті органдармен кездесулер өткізіліп, жалпы төтенше жағдай қызметі мен азаматтық қорғаныстың жай-күйі толық талқыланды. Нәтижесі бойынша бір топ депутат тарапынан депутаттық сауал әзірленіп, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің атына жолдау туралы шешім қабылдадық.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Осы депутаттық сауалда еліміздің аталған салаларында орын алып отырған жүйелі кемшіліктер мен проблемалық мәселелерге тоқталатын боламыз.

Біріншіден, Өртке қарсы қызмет жарғысының талаптарына сәйкес кезекші қарауылдың жауынгерлік есептегі жеке құрамның штаттық санының нормаға келмеуі. Мәселен, Жамбыл облысы Өрт сөндіру бөлімшелерінің штат санының аздығына байланысты кезекші қарауылдың жауынгерлік есебі толық көлемде ұйымдастырылмайды. Атап айтқанда, облыс аумағындағы барлық аудандық өрт сөндіру бөлімдерінде жеке құрам саны орта есеппен 20 адамды құрайды. Оны төрт кезекші қарауылға бөлгенде тәуліктік кезекшілікке 3-5 адам жауынгерлік есепте тұрады. Осылайша 6 адамдық жауынгерлік есебі бар өрт сөндіру көлігі 3 адамға толық жинақталмай, екінші автоцистерна тіпті жауынгерлік есепсіз қалады.

Сондықтан ірі өрттер және басқа да төтенше жағдайлар туындаған кезде жеке құраммен толықтыру дабыл бойынша қызметтен бос жеке құрамды жинау есебінен жасалады.

Екіншіден, «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентіне сәйкес қала және елді мекен аумағында өртке қарсы қызмет бөлімшелері санының аздығы.

Үшіншіден, өрт сөндіру депосы ғимаратының жағдайы.

Көп жағдайда жеке құрам мен өрт сөндіру техникасы қарауылдық қызметті ұйымдастыру және техникаға қызмет көрсету үшін тиісті базасы жоқ, бейімделген ғимараттарда орналасуда. Қарапайым санитариялық нормалар бұзылып, бөлімшелердің жедел қызметіне және жауынгерлік дайындығына теріс әсер етеді.

Төртіншіден, арнайы өрт-құтқару техникасы мен жабдықтарын сатып алу үшін бөлінетін қаражаттың тапшылығы. Мәселен, Жамбыл облысында өрт сөндіру

қызметінің автотехника паркі 136 бірлік, автотехникамен жалпы жарактандыру деңгейі 32,4 пайызды құрайды. Баланста бар автокөліктің 26 бірлігі ескірген, оның пайдалану мерзімі 20 жылдан асқан. Бұдан басқа Байзақ ауданында төтенше жағдайды жою кезінде 18 бірлік өрт сөндіру техникасы жарамсыз болып қалғанын атап өту қажет.

Сонымен қатар келесідей шешімін таппай отырған мәселелер бар:

күшті әсер ететін улы заттардың таралуына байланысты авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды орындау үшін радиациялық-химиялық және биологиялық қорғау бөлімшелерінің жоқтығы;

елімізде құрамында сынабы бар иондаушы сәулелену көздері табылған кезде жағымсыз салдарын барынша азайту үшін жауапты уәкілетті мемлекеттік органның айқындалмағаны;

құлақтандыру жүйесі моральдық және физикалық тұрғыдан ескіргені;

төтенше жағдайлар қызметінің бақылау функциясын жүзеге асыратын қызметкерлерінің ықшам бейнетіркегіштермен, планшеттермен және термопринтерлермен қамтамасыз етілмеуі;

Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі қызметкерлерінің нысандық және арнайы киім-кешектермен толық жабдықталмауы.

Осыған байланысты аталған кемшіліктер мен проблемалық мәселелердің адам өмірінің қауіпсіздігіне маңыздылығын ескере отырып, төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мақсатында кешенді талдау жұмыстарын жүргізіп, көрсетілген мәселелерді шешуге ықпал етуіңізді және белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні жазбаша жолданатын болады.

Құрметпен, депутаттар Орынбеков, Қожамжаров, Нұралиев, Бекенов, Карплюк».

Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2021 жылғы 9 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Сенат тағайындаған Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мүшесінің өкілеттігін тоқтату және лауазымнан босату туралы

О прекращении полномочий и освобождении от должности назначенного Сенатом члена Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета

Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы О.В. ПЕРЕПЕЧИНАНЫҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по финансам и бюджету ПЕРЕПЕЧИНОЙ О.В. 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Договор о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года в связи с присоединением к нему Республики Армения», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Қ.Б. РАХЫМОВТЫҢ баяндамасы

Доклад вице-министра энергетики Республики Казахстан РАХИМОВА К.Б. 3

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

МУСИН Д.М. 3

НУХҰЛЫ А. 4

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. 5

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Е.Қ. МАМЫТБЕКОВТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству МАМЫТБЕКОВА Е.К. 5

Сөз сөйлеген:

Выступил:


АЛДАШЕВ С.Т.	7
Депутат Д.Ж. НҰКЕТАЕВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата НУКЕТАЕВОЙ Д.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	7
Депутат А.Қ. КҰРІШБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата КУРИШБАЕВА А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	9
Депутат А.И. ЛУКИННИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Р.В. Склярға депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Р.В.	11
Депутат С.Т. АЛДАШЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі М.М. Мырзағалиевқа депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата АЛДАШЕВА С.Т. к Министру экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан Мырзағалиеву М.М.	12
Депутат Б.С. ОРЫНБЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата ОРЫНБЕКОВА Б.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	14

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



А. Құсайынов



И. Шыныбаева